

Атырау қаласының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 185 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 қаңтарда № 4041 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабын, "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңының 8, 13 баптарын басшылыққа алып, Атырау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау қаласының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған жоспары бекітілсін (қосымша).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау тұрғындарды әлеуметтік мәселелері, гендерлік және жастар саясаты, заңдылықты сақтау және депутаттық этикасы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (М. Амиргалиев).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XVIII сессия төрайымы
Қалалық мәслихат хатшысы*

*Г. Дүсіпова
Қ. Әзмұханов*

Атырау қалалық мәслихатының
2017 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 185 шешімімен бекітілген
Атырау қалалық мәслихатының
2017 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 185 шешіміне қосымша

Атырау қаласының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған ЖОСПАРЫ

Атырау қаласы, 2017 жыл

Атырау қаласының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған жоспар

Осы Атырау қаласының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы", 2001 жылғы 23

қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу, жайылым айналымдарының қолайлы, жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы, осы Жоспардың 1 қосымшасына сәйкес;

2) Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы, осы Жоспардың 2 қосымшасына сәйкес;

3) Ауылдық округтерде жайылым пайдаланудағы мал суаруға пайдаланатын су көздерінің кестесі, осы Жоспардың 3 қосымшасына сәйкес;

4) Ауылдық округтердегі мал бастары бойынша кестесі, осы Жоспардың 4 қосымшасына сәйкес;

5) Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі, осы Жоспардың 5 қосымшасына сәйкес;

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған

сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Атырау қаласында 9 ауылдық округтер, 27 ауылдық елді-мекендер орналасқан.

Атырау қаласының жалпы көлемі 376 900 гектар, оның ішінде жайылымдық жерлер – 139 000 гектар.

Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 81400 гектар;

елді мекен жерлері – 42800 гектар;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 22600 гектар;

су қорының жерлері – 400 гектар;

қордағы жерлер – 173000 гектар.

Ауданның өсімдік жамылғысы әртүрлі, шамамен қоса алғанда 124 түрлері. Олардың ішінде ең көп тараған түрі ақ жусанды-бетегелілер және ақ жусанды-шөл еркекшөбі.

Топырағы ашық-құба, оңтүстікте құмды және сортаң топырақты жерлер кездеседі. Топырақтың құнарлы қабаттың қалыңдығы 40-50 сантиметр.

Ауылдық округтерде 2 мал дәрігерлік пункті, 2 қолдан ұрықтандыру пункті және 1 мал қорымдары бар.

Қазіргі уақытта Атырау қаласында мүйізді ірі қара 4924 бас, ұсақ мүйізді мал 4426 бас, 1142 бас жылқы, 1590 бас түйе саналады.

Атырау қаласының жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2018-2019 жылдарға
арналған Жоспарға 1 қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу, жайылым айналымдарының қолайлы, жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы

**Атырау қаласы жайылым
айналымдарының схемасы
М 1:200000**



Атырау қаласының жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі 2018-2019 жылдарға
арналған Жоспарға 2 қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы

2	Жұмыскер ауылдық округі	Жайық өзені	1							
3	Балықшы ауылдық округі	Жайық өзені	1	-	-	-	-	-	-	-
4	Кеңөзек ауылдық округі	За-рос-луй, Пе-ре-тас-ка өзек-те-рі	1	Жы-лу электр ор-та-лы-ғы-ның қал-дық суы ка-нал ар-қы-лы жі-бе-рі-ле-ді	-					
5	Дамбы ауылдық округі	Жайық өзені	2	222	-	-	-			
6	Атырау ауылдық округі	Жайық өзені Зарослый өзегі	2							
7	Геолог ауылдық округі	Жайық өзені	1	-	-	-	-	-	-	-
8	Қайыршақты ауылдық округі	Жайық өзені Соколок өзегі	2							
9	Ақсай ауылдық округі	Жайық өзені, Соколок өзегі	2							
	Барлығы		13							

Атырау қаласының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған Жоспарға 4 қосымша

Ауылдық округтердегі мал бастары бойынша кестесі

№	Ауылдық округ	Мүйізді ірі қара	Оның ішінде ша ру а қожалық	Қой, ешкі	Оның ішінде ша ру а қожалық	Жылқы	Оның ішінде ша ру а қожалық	Түйе	Оның ішін-де ша-руа қо-жа-лық
1	Еркінқала ауылдық округі	773	70	804	85	264	47	472	170
2	Кеңөзек ауылдық округі	1053	348	255	156	210	98	282	132
3	Атырау ауылдық округі	591	543	40	23	46	31	30	17

4	Дамбы ауылдық округі	206	-	64	-	4	-	-	-
5	Геолог ауылдық округі	179	6	336	150	30	-	13	-
6	Қайыршақты ауылдық округі	526	315	346	216	66	48	53	38
7	Ақсай ауылдық округі	700	199	350	45	302	3	48	-
8	Жұмыскер ауылдық округі	105	-	212	-	19	-	6	-
9	Балықшы ауылдық округі	51	-	139	-	-	-	3	-
	Барлығы	4924		4426		1142		1590	

Атырау қаласының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған Жоспарға 5 қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

Р/с	Ауылдық округі	Шалғай жайылымға малдардың айдап шығарылу мерзімі	Шалғай жайылымнан малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Еркінқала ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
2	Жұмыскер ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
3	Балықшы ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
4	Кеңөзек ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
5	Атырау ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
6	Дамбы ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
7	Геолог ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
8	Қайыршақты ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	
9	Ақсай ауылдық округі	с ә у і р 2 жартысы	қ а з а н 2 онкүндігі	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК